

БЕКІТЕМІН
«Нұр-Жеңіс» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
О.Усербаева



«Нұр-Жеңіс» бөбекжай балабақшасының
2021-2022 оқу жылының
Педагогикалық кеңес хаттамалары

**Педагогикалық кеңестің
№1 хаттамасы**

2021 тамыз

Қатысқандар – 7

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты және Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің №557 бұйрығына енген өзгерістермен оқу үлгілік бағдарламасы бойынша 2021-2022 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысының жоспары мен күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекіту.
2. «Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы» баяндама.
3. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту.
4. Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмысын қорытындылау.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жыл 31 қазандағы № 604 бұйрықпен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің №557 бұйрығы оқу үлгілік бағдарламасы бойынша 2021-2022 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысының жоспары мен күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекіту мәселесіне тоқталды. Биыл айтарлықтай өзгерістер жоқ. Өздеріңізге белгілі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жыл 31 қазандағы №604 бұйрықпен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жүргізіледі. Мемлекеттік стандарт оқыту нәтижелеріне бағдарланған, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына тәрбиеленушілердің оқу жүктемесіндегі ең жоғарғы көлеміне, тәрбиешілердің деңгейіне, оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды анықтайды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылатын «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет», білім беру салаларына негізделген. Топтарды жинақтау мәселесінде бізде балабақшада Кіші топ – 2 жастан бастап, Ортаңғы топ – 3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. «Денсаулық» барлық топтарға – 3 сағат берілген. кіші топта – 1 сағат. Ортаңғы топтарға – 2 сағат.

сағат. Кіші топқа – 2 сағат. Ортаңғы топ. «Шығармашылық»

Кіші тобына – 3 сағат, Ортаңғы топ – 3 сағат. «Әлеумет» ортаңғы топ және ересек тобында – 0,5 сағат. Вариативтік компонент бойынша сағат саны ортаңғы топта – 1 сағат. Жас ерекшеліктеріне қарай биылғы оқу жылында текі топта жүргізіліп отыр. Оқу қызметінің кестелері топтардың жас ерекшеліктеріне қарай стандарт бойынша түзіліп бекітілді. Сонымен қатар күн тәртібі жылдық жоспарлар стандарт талаптарына сай бекітілді. Енді балабақша қызметкерлері сол белгіленген құжаттарға қарай жұмыс жасайтын болады.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі К.Шалатаева «Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы» тақырыбында баяндама оқыды. Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңгі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ ұлтымыздың баға жетпес қазынасы қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңестігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістерді енгізуді талап етіп отыр. Барлық білімнің бастауы – балабақшада. Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білім беру саласында заманауи педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымның біріне айналады. Қазіргі заманға сай білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу – білімді жан жақты тәрбиешілердің еншісінде. Балалардың тілін дамытуды, қызықты үйрету үшін жаңа әдістермен технологияларды өз тәжірибемізде қолдануға ізденеміз. Жаңа технологияны, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану үздіксіз тәрбие беру мен білім сапасын артырады. Мектепке дейінгі шақ адам өміріндегі ең маңызды кезең болып келеді. Өйткені осы кезде баланың бойындағы табиғи бар дарындылық жан-жақты дами бастайды. Сондықтан осы шақта балалармен анағұрлым жан-жақты дамытушылық әрекеттер жүйелі жүргізілсе, жұмыс соншалықты нәтижелі болады. Тәрбиелі, білімді ұрпақ балабақшадан мектепке дайын шәкірт болып шығады. Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы іспеттес. Мұндағы тәрбие мен білім балалардың табиғи мінезін, қабілетін ерте жастан дамытады. Бала – бақшамыз, бала – қуанышымыз. Ендеше мектепке дейінгі үздіксіз тәрбие мен біліммен қамту өзіміздің басты мақсаттарымыздың бірі екенін қуана айта аламын.

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша әдіскері тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарына тоқталып өтті. Биылғы жылдың шығармашылық тақырыптары педагог қызметкерлердің өзгертілмейді. Себебі өткен жылғы шығармашылық тақырыптарыңыздың уақыты әле бітпеді. Сондықтан биылғы жылы сол шығармашылық тақырыптарыңызды жалғастыра беріңіздер. Оқу жылының соңында шығармашылық тақырыптарыңыз бойынша есеп бересіздер. Меңгеруші О.Усербаева Балалардың күзиреттілігін қалыптастыруда жаңашыл тиімді әдістер қолдану. Тәрбиеші Г.Аюпова Мектепке дейінгі кіші жастағы балалардың тілін дамытуда дене шынықтырудың рөлі. Тәрбиеші - Мектеп жасына

Тыңдалды: 4-мәселе боийынша бағабасақша әдіскері Ү.Досжановтың мектепке дейінгі ұйымның алдында тұрған жауапты міндет күрделі, өмірден өз орнын таба білетін дені сау, мәдениетті, шығармашылық жеке тұлғаны тәрбиелеу сауықтыру жұмыстарын жүйелі өткізу болып табылады. Жаз кезінде балалардың ағзасын сауықтыруға жағдай жасау. Балалардың таза ауада болу уақытығұзарады, оқу қызметінің саны қысқарады, оқу қызметтері ашық ауада өткізіледі. Сондықтан да балалардың жыл бойы алған білімін, біліктілік дағдыларын қабілеттерін көрсетуге еркіндік береді. Сауықтыру шынықтыру жұмыстарының мақсаты жаз мезгіліндегі балалардың денсаулығын нығайтуға эмоционалды, тұлғалық дағдысын қалыптастыруда үлкендердің өзара әріптестігін, сабақтастығын біріктіру, бала денсаулығын сақтау мен нығайту табиғи факторды пайдалана отырып отырып, шынықтыру эстетикалық тәрбиені жетілдіру. Осы мақсаттарды пайдалана отырып, тәрбиешілер жазғы сауықтыру шараларын жүргізуде.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді :

1-Қ.Р. Үкіметінің 2018жылғы 31 қазандағы №604 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына сәйкес оқу қызметтерінің 2012жылғы 20 желтоқсанда №557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік бағдарламасына сәйкес жұмыс жүргізілсін.

2- Тәрбиешілер оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерді енгізу дұрыс пайдаланылсын.

3-Тәрбиешілер бекітілген шығармашылық тақырыптары сәйкес жұмыс жүргізсін.

4 -Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмысын қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын.

Кеңес төрайымы



О.Усербаева

Хатшы



Нарова.Н

**Педагогикалық кеңестің
№2 хаттамасы**

2021 қазан

Қатысқандар – 7

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Балабақшада бала тілін дамытудың маңызы» баяндама.
3. Балалардың медициналық бақылаудан өтуін бақылау.
4. «Балалардың дене бітімінің жетілуіне арналған ойындарда құралдарды пайдалануы» тақырыпты тексерудің қорытындысы

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде өткен кеңестік шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу жоспары бойынша 2020-2021 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысының жоспары бекітіліп, күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі жасалынып бекітілді. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптары бекітіліп, педагогтар бекітілген шығармашылық тақырыптары бойынша жұмыс жүргізуде.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Г.Аюпова «Балабақшада бала тілін дамытудың маңызы» тақырыбында баяндама оқыды. Мектеп жасына дейінгі баланың тағы бір ерекшелігі оларда еліктеу, қиялдау басым болады. Сол себепті айналасындағы құбылыс пен ересектердің іс-әрекеті балалардың бақылауынан мүлт кетпейді. Бақыланған заттардың елеусіз ерекшелігіне дейін бірден байқап, тез қабылдайды. Олай болса әрбір ата-ана баланың осындай даму ерекшелігін ескеруге тиісті. Оның заңды сұрақтарына құлақ асып, үнемі жауап беріп отырулары керек. Бала тілін дамытуда мынадай жұмыс түрлерін жүргізіп отыруға болады: 1. Айналада бар, күнделікті өмірде пайдаланып жүрген заттарды (киім-кешек, ыдыс-аяқ, тағам, үй мүліктері) көрсетуге баланың қолына беріп, атын сұрап айтқызу. Осы заттарды қайда, неден (ағаштан, шыныдан, шыттан, жүннен, темірден, т.б.) жасалатынын, кімге, неге, не үшін керек екенін ұғындыру. 2. Баланы белгілі заттардың атына байланысты сөздерден сөйлем құрап айтуға үйрету. 3. Балалар сөзді, сөйлемді дұрыс айтуға үйрене бастаған соң, шағын әңгіме құрастыруға дағдыландыру керек. Мектеп жасына дейінгі сәбилердің дүниетанымын кеңейтіп, ойын өрістетіп, тіл байлығын жетілдіру ісінде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше. Көркем сөз өрнегін балаға тыңдатып, санасына сәуле түсіру, халық қазынасының музыкалық үнінен нәр алдыру оның ең сәби шағынан, ана әлдиінен басталады. Балаларға оқылатын шығармалар олардың ой-өрісіне, дүние танымына әсер етерліктей болуы керек. Бар жақсысын ұрпақ тәрбиесінен аямаған халық баланы сылаумен өсіре

Нәресте есейген сайын ана сүтімен даритын сөйлеу тілін дамытып, тазалыққа, имандылыққа баулып ізеттілікке, жомарттыққа, әсемдік сезімталдыққа, ұқыптылыққа, әдептілікке үйретіп, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу әрбір отбасының арманы болған. Оған дәлел халық даналығы: санамақтар, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар баланы ойландырып, толғандыратын өтірік өлеңдер, ертегі, аңыз-әңгімелер. Осылардың қай-қайсысы болмасын баланың сезімін селт еткізбей қоймайды. Тіліне үйіріліп, еріксіз сөзге еліктіреді. Өйткені, ауыз әдебиеті, халықтың ұрпағына деген сүйіспеншілігінен, арман мүддесінен туындаған. Тілге жеңіл, мазмұны түсінікті, ойната сөйлейтін шығармаларды тыңдаған бала оны қиналмай жаттап алып айта береді. Тілді үйретудегі құралдар: бесік жыры, мақал-мәтелдер, ертегілер, эпостық шығармалар, жұмбақтар, аңыз-әңгімелер.

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша балабақша медбикесі сөз алды. Ол кісі өз сөзінде денсаулық баға жетпейтін жалғыз ғана асыл дүние. Ол адам өміріндегі ең бағалы дүние болғандықтан әр адам өз баласы өз денсаулығына көңіл бөле қарау қажет, оны орынсыз ысырап етпеу қажет, үнемі денсаулықтың қорын көбейтіп отыру керек. Барлық балалардың балабақшаға келуін қадағалап, апта сайынғы медициналық қараудан өткіземіз. Балалардың іс әрекетін қайта қарап бақылаймыз. Науқас балаларды сауыққан соң, міндетті түрде тексеруден өткіземіз. Мектепке дейінгі ұйымда медициналық қызмет көрсету қамтамасыз етіледі. Медицина қызметкері болмаған кезде медициналық қамтамасыз етуді аумақтық алғашқы медициналық санитариялық көмек ұйымы жүзеге асырады. Денсаулық сақтау іс-шарасы: біздің балабақшада әр таң сайын «медициналық фильтр» жұмыс жасайды. АРВИ профилактикасы (сарымсақ моншағы, оксалин жақпа майымен өңдеу) күнделікті таза ауадағы серуен (серуен уақыты қыс кезінде ауа райына байланысты болады және медициналық қызметкерлермен белгіленеді) организмді шыңдау. Адам денесінің жетілуі – оның денсаулығы, егер денің сау болса онда оны сақтамақ керек, ал егер сау болмаса онда денсаулықты жетілдіру керек.

Тыңдалды: Төртінші мәселе бойынша меңгеруші сөз алды. Ол кісі өз сөзінде баланың бойындағы жақсы қасиеттермен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі де тәрбиелі болып тәрбиеленуіне балабақшаның маңызы зор. Баланың бақытты болуы үшін, денінің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек. Дені сау баланың ақыл-ойы айқын, өз-өзіне сенімді, жан-жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт. Бала денсаулығының мықты болып қозғалыс дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан бала организмнің қызметін жетілдіру, қабілетін арттыру ең басты міндетіміз. Бала денсаулығын дамытуда ойынның маңызы өте зор. Тәрбиеші балалармен түрлі ойын жаттығулар өткізеді. Серуен кезінде де түрлі жаттығу ойындар ойнайды. Тірбиеші көп қозғалмайтын балаларға ерекше көңіл аударып, ойынға үнемі қатыстырып отыруы тиіс. Осы дене бітімінің жетілуіне арналған ойындар жүргізіледі. Сол ойында пайдаланылатын құралдарды топ тәрбиешісі дұрыс пайдаланады.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді :

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп табылсын.
2. А.Асанованың баяндамасы тыңдалып есепке алсын.
3. Балалар кезекті медициналық бақылаудан өткізілсін.
4. «Балалардың дене бітімінің жетілуіне арналған ойындарда құралдарды пайдалануы» тақырыпты тексерудің қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын.

Кеңес төрайымы



О.Усербаева

Хатшы



Нарова.Н

Педагогикалық кеңестің

№3 хаттамасы

2022 қаңтар

Қатысқандар – 7

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Балалардың күзіреттілігін дамытуға мониторинг» Пікір алмасу.
3. «Балабақша мен отбасының бала тәрбиелеудегі қарым-қатынасы» баяндама.
4. Мектепке дейінгі мекемеде бала құқығын қорғау.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде өткен кеңестік шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті. Бала тілін дамытуда топ тәрбиешілері жұмыс түрлерін жүргізіп келеді. Барлық балалардың балабақшаға келуін қадағалап, апта сайынғы медициналық қараудан өткіземіз. Балалардың іс-әрекетін қайта қарап бақылаймыз. Науқастанып қалған балаларды сауыққан соң міндетті түрде тексеруден өткіземіз. Денсаулық сақтау іс-шарасы; - біздің балабақшада әр таң сайын «медициналық фильтр» жұмыс жасайды.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде мониторинг – балалардың дамуын немесе қажетті дағдылармен іскерліктерді меңгеруін қадағалау процесі. Мониторингтің мақсаты – баланың білім беру бағдарламасын меңгеру деңгейін және білім беру мекемесінде ұйымдастырылатын білім беру процесінің баланың дамуына әсерін анықтау. Топтың басқа мүшелерімен бірге, бақылау және басқа да тәсілдер арқылы, бағалауға қажетті мәліметтер жинайды. Олар оқыту мен тәрбиелеу бағдарламасына енгізілуі тиіс өзгерістерге қатысты шешімдерді қабылдау процесіне де қатысады. Егер мұндай өзгерістер енгізілсе, педагогтар оларды тәжірибеде, балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесінде іске асырады. Екінші яғни аралық мониторинг бойынша топ тәрбиешілері жұмыс жүргізді. Мақтаарал ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің хаты негізінде 17 қаңтар күні балалардың біліктері мен дағдалары дамуын аралық бақылау нәтижелері тапсырылды. Аралық бақылау нәтижелері бойынша жиынтық есеп топтар бойынша көрсетіліп айтылды.

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі К.Шалатаева «Балабақша мен отбасының бала тәрбиелеудегі қарым-қатынасы» тақырыбында

баяндама оқыды. Балаларымыз болашағымыз, бала тәрбиесі еліміздің әлеуметтік дамуының, құрылымының келешегін айқындаушы деп есептейміз. Егемен еліміздің көк туын желбіретер ертеңгі болашақ, яғни бүгінгі бүлдіршіндер тәрбиесі аса ауқымды, назар салатын басты мәселенің бірі. Біздің мемлекетіміз келешекте жас ұрпақтың еліміздің азаматы болуы үшін денсаулығына, отбасына, ойынға, білімге деген құқықтарын толығымен қуаттап, қабілеттерін барынша жүзеге асыру және үлкен жетістіктерге жетуде табанды болуын қалайды. Бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, біреудің біреуге ықпалы арқылы өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы бастамасы отбасында алса, жалғасы балабақшамен байланысады, яғни бала тәрбиелене отырып, білім алады. Отбасы азамат қоғамының ең шағын бейнесі. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады, бірі дүниеге ұрпақ әкелу, екіншісі – оны тұлға ретінде қалыптастыру. Отбасы тәрбиесі кешенді педагогикалық мақсаттылық арқылы іске асады. Сондықтан кез келген педагогикалық қарым-қатынас жасамай іске аспайды. Сондықтан балабақшадағы оқу-тәрбие ісінде басты мақсаты ата-анамен тығыз байланыста жұмыс жүргізу болып саналады. Бұл барлық педагогтарға түсінікті жайт, дегенмен әлі күнге дейін балабақшамен ата-аналармен жұмыс жүргізу қазіргі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып тұр деп ойлаймын. Сол себептен балабақша ұжымы, тәжірибелі педагогтердің жұмысының арқасында бүлдіршіндерге ең жақын адамдардың бізбен бірге бірлесе отырып, жұмыс жүргізуіміз керек. Біз бірге болуымыз керек екінін ұғындыру біздің басты міндетіміздің бірі екенін естен шығармауымыз керек. Қазір отбасы тәрбиесіндегі басты нысана баламен рухани үндестікпен үйлесімділікке ұмтылу, ата-баба мұрасын сақтауға көңіл бөлу, халықтың тәлімдік мұрасын бүгінгі күнмен сабақтастыру болып табылады. Осыған орай, отбасында еңбексүйгіштікке, баланың жасына сай еңбек түрлеріне және қоғамдық пайдалы еңбекке баулуды іске асыру қажет. Ата-ана және әлеуметтік орта, яғни балабақша болашақ азаматтық денсаулығын жастайынан сақтау үшін оның тәнінің дұрыс түзеліп қалыптасуына, салатуатты өмір салтын нығайтуға ерекше мән бергені бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірі болып саналады. Сонымен бірге педагог тәрбиешілер де тек балалармен, ата-аналармен жұмыс жүргізіп қоймай өз білімдерін жаңаша толықтыруға талпынады. Әр педагог тәрбиеші жұмыс бағытын іздей отырып жаңа үрдістегі тәрбиеге тап болары сөзсіз деп ойлаймын.

Тыңдалды: Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде Қазақстан Республикасының ұлттық саясатының негізгі бағыттарының бірі

– балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау. Қоғам өмірінің сапасын арттыруға, әрине бірінші кезекте – балалардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған. Мемлекет басшысының «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына жолдауы осының дәлелі. Адам дүниеге келгеннен кейін, оның өмірін, денсаулығын, тыныштығын, біздің мемлекетіміздің Ата заңы – Конституция қорғайды. Ал Ата заңымыздан басқа тікелей балалардың құқығын қорғайтын заң бар. 1989 жылдың 20 қарашасында Бала құқықтары туралы конвенция БҰ ұйымында қабылданып, 1995 жылдың желтоқсан айында Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Бала құқығы туралы Конвенцияға» қол қойды. 1-маусым – халықаралық

балларды қорғау күні ,20-қараша –дүниежүзілік балалар күні. 10-желтоқсан – адам құқығы күні. Конвенция деген- арнаулы мәселелер жөніндегі келісім шарт.Осы Конвенция негізінде 2002ж тамызда Қазақстаннан «Балалар құқығы туралы» заң қабылданды . Бұл заң 9- тарау, 53- баптан тұрады.Ата –налар өздерінің балаларын тәрбиелей отырып ,оны қорғауға міндетті . Әле жасы жетпегендіктен ,але қабілеті толық қалыптаспағандықтан балар өз мүдделерін өздері қорғай алмайды. Сондықтан ата-аналар ,біріншіден ,балаларының құқығын қорғауға міндетті. Бұл оның мүлкіне де, жеке басына да қатысты. Екіншіден ,балардың мүддесін қорғауға заң жүзінде біздер балабақша ұжымы да міндеттіміз. Құқықты қорғауға баланың құқығын бұзуға жол бермеу үшін күресу мәселесі де бізге міндеттелген . Балабақшада бала құқығын қорғау үшін жұмыстар жүйелі түрде жүргізіледі. Топ тәрбиешілері балаларға қарағанда жылулық танытып, икемдеп жүретініне мен сенемін.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Балардың құзіреттілігін дамытудағы мониторинг ойдағыдай жүргізілсін.
2. Балабақаша мен отбасының бала тәрбиелеудегі қарым –қатынасын топ тәрбиешілері реттеп жұмыстар жүргізісін.
3. Бала құқығы қорғау туралы мәселесі бойынша жұмыстар жүргізіліп , балабақша қызметкерелеріне міндеттелсін.

Кеңес төрайымы



О.Усербаева

Хатшы



Нарова.Н

2022 наурыз

Қатысқандар –7

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Балаларды шығармашылық өнерге үйретудің маңызы» баяндама.
3. «Балаларға экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру тәрбиешілердің жұмысының нәтижесі» тақырыпты бақылау.
4. Математика негіздері оқу қызметінің бөлімдерінің дұрыс орындалуы. Тақырыпты тексерудің қорытындысы.
5. Ұйымдастырылған ашық оқу қызметін талдау.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде өткен кеңестік шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті. Балабақшада мониторинг – балалардың дамуын немесе қажетті дағдылармен іскерліктерді меңгеруін қадағалау процесі өз дәрежесінде ойдағыдай әрі уақытында жүргізіліп отыр. Құқықты қорғауға баланың құқығын бұзуға жол бермеу үшін күресу мәселесі де бізге міндеттеледі. Балабақшада бала құқығын қорғау үшін жұмыстар жүйелі түрде жүргізіледі. Топ тәрбиешілері балаларды қарағанда жылулық танытып, икемдеп жүретініне мен сенемін. Балабақшадағы оқу-тәрбие ісінде басты мақсаты ата-анамен тығыз байланыста жұмыс жүргізу болып саналады. Бұл барлық педагогтарға түсінікті жайт. Балабақша ұжымы, тәжірибелі педагогтердің жұмысының арқасында бүлдіршіндерге ең жақын адамдардың бізбен бірге бірлесе отырып, жұмыс жүргізіп келеді.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Г.Аюпова «Балаларды шығармашылық өнерге үйретудің маңызы» тақырыбында баяндама оқыды. Еліміз жаңа принциптерге негізделген егемен мемлекет құруда Үкіметіміз білім беру мекемелеріне Тәуелсіз мемлекетімізді өркениетті елдер қатарына жеткізетін ұл - қыз тәрбиелеуді талап етуде. Қоғамда, айналамыздағы ортада болып жатқан қарқынды өзгерістер шығармашылық қабілеті бар, қажетті жағдайда соны әрі айрықша шешім қабылдайтын жеке тұлғаның алдына үлкен талаптар қояды. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және оны тәрбиелеу – бүгінгі тандағы көкейтесті мәселелердің бірі. Шығармашылық – бүкіл тіршілік көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Бұған бүкіл халықтық, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс - әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді. Баланың шығармашылығын дамытатын тәрбиеші өзі шығармашылықпен жұмыс жасауы керек. Баланың

шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында өткізілетін ұйымдастырылған оқу қызметі барысында жаңа технология элементтерін пайдалану тиімді. Бала қабілетінің ашылуы үшін;

- 1.Тәрбиеші білімін ұдайы жетілдіріп, кәсібі шеберлігін шыңдауы тиіс.
- 2.Бала білімі мен қабілетіне сеніммен қарау керек.
- 3.Баланы ақпарат, жаңалықпен қамтамасыз етіп отыру қажет.
- 4.Ата - анамен тығыз байланыс орнағаны жөн.
5. Баланы өмірге бейімдеуде дәл, дұрыс бағыт беріп, жеке ерекшелігіне көңіл бөлінуі керек. Оқу мен тәрбиенің егіз екенін бір сәт те естен шығармаған жөн, соның нәтижесінде ғана сапалы білім мен саналы тәрбиеге қол жеткізуге болады. Тәрбиешілер балалардың өздеріне тән жеке қасиеттерін анықтай түсу мақсатымен жылдың басында және аяғында театрландырылған жұмыстар арқылы «Құпия» сынақ (эксперименталдық) ойындар өткізіп отыруы. Бұл ойындардың өн бойында музыканың тигізер әсері мол. Бұл ойындарда қабілеті бар деген балалар өздерін еркін ұстайтын, ал ұялшақ, ұяң балаларға жәй ролдер беріледі. Бұдан кейін өздерін тиісті ролдерде ойнай алатын қабілетті балаларды театрландырылған жұмысқа кіргізіп отыру. Осындай 5 - 6 баламен жекелей жұмыс жүргізу. Оларға қуыршақты қалай ұстау керектігін, мимика, дауыс ырғақтарын үйрету. Театрландырылған ойындардың мазмұнына ерекше мән беру. Бұл - негізінен адамгершілік, достық, кішіпейілдік, ерлік, батылдық, адалдық, әділдік, шыншылдық қасиеттерді уағыздаудан тұрады. Әдетте балалардың өздері жақсы көретін кейіпкерлеріне еліктеп өсетіні белгілі. Осыған қарап, шапшаң, ширақ балаларға жуас, қарапайым ролдер, ал мінездері салмақты байыпты балаларға жағымсыз ролдер тапсырылады. Бұл арқылы біз балалардың шындық өмірге тереңірек үңіліп, ненің жаман, ненің жақсы екенін айқындырақ ұғынып, жаманнан жиіркеніп, жақсыдан үйренуге, өз қылықтарын дұрыс бағалап, жақсы кейіпкерлерге еліктеуге үйрету. Балалардың шығармашылығы тек ролдерді орындаған кезде ғана емес, сонымен қатар қуыршақтар, декорациялар дайындағанда да көрінді. Қуыршақтардың түр - түрін, шымылдықтар, декорация жасау кезіндегі ұжымдық жұмыстар балалардың ұйымшылдығы мен белсендігін арттырды. Ата – аналармен жұмыс жүргізілді. Балалардың өз үйлерінде ата - аналармен, туыс туғандармен арасында болатын қарым – қатынастары туралы ата - аналармен әңгіме, кеңестер өткізіп, арнайы анкета бойынша жұмыс жүргіздік. Бұл арқылы балалардың өзімізге белгісіз, бейтаныс қасиеттерінен хабарлар болдық. Ата - аналар да театрды ұйымдастыруға көмектесті, материалдар, қолғаптар, керекті құралдар әкелді. Балабақшада алған алғашқы осындай мәліметтер олардың ішінде кейбір дарындылардың өнер жолына түсуіне игілікті әсерін тигізері анық. Педагогикалық ұжымның талмай ізденуі, аянбай еткен еңбегінің бір өтеуі болғандай балалармен өткізген шығармашылық жұмыстары қазір көзге көрінбесе де, түбінде кім біледі, бәлкім жылдар жылжып өткеннен кейін, үлкен өмір төрінде төбе көрсетіп қалар, елеміздің өнерлі азаматтарының бірі болады деп сенеміз, өйткені балабақша шығармашылық негізі салынған.

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде Табиғат – біздің ортақ үйіміз. Табиғатқа деген сыйды жоғалту

адамзаттың адамгершілік құндылықтарын жоғалтуға әкеліп соқтырады. Қазіргі уақыттағы әлемдегі экологиялық жағдай адам көзқарасының өзгеруін талап етеді. Өсіп келе жатқан ұрпақта жаңа экологиялық сезім қарастырылуы керек деп санаймын. Келешекте балалар кім болса да, олар қоршаған ортада рөлдерін бөліп, табиғат заңдылықтары бойынша өз түсініктері болуы керек. Экологиялық тәрбие мен білім беру – қазіргі таңдағы айқын бағыттардың бірі. Экологиялық мәдениеттілікке тәрбиелеу неғұрлым ерте басталса, соғұрлым оның болашағы зор болмақ. Баланың сәби кезінен экологиялық мәдениеттілік санасын тәрбиелеу – осы мәселелердің шешілу жолдарының бірі болып табылады. Мектепке дейінгі ұйымдардағы экологиялық тәрбие берудің маңызды міндеті – балаларды табиғаттың әсемдігін көріп түсіне білуге, тірі табиғатқа қамқор бола білуге үйрету және экология саласы бойынша нақты білім беріп, аймақта қолданылатын ресурстары шектеулі екенін түсіндіру керек. Біз баланы табиғатты пайдаланып қана қоймай, оған қамқор болуға, оны күтіп аялауға үйретуіміз керек. Экологиялық тәрбие жұмысын жүргізу, оқытудың негізгі формалары бақылау, қызықтау, серуен болып табылады. Тәрбиешінің табиғи нысандары мен табиғат құбылыстарын бақылауды ұйымдастыруы, балаларды табиғатпен таныстырудың негізгі мәселесі болып есептеледі. Қызықтау кезінде балаларды таза ауада, көз тартар әдемі гүлдер мен ағаштар арасында болуы көтеріңкі көңіл-күймен қатар табиғат сұлулығын сезіне білуіне зор әсер ететіні анық. Ал серуен кезінде, тәрбиеші балаларды табиғатпен таныстырып, өсімдіктерге су құю, құрғақ жапырақтарды бірге жинау, ағаш түптерін тазалау т.б. сияқты қарапайым еңбек түрлеріне қатыстырады. Мұндай еңбек түрлерін орындау, балалардың еңбекке деген жауапкершілік сезімдерін дамытып, ынтасын арттырады. Экологиялық тәрбие жұмысын ұйымдастыруда тәрбиешінің негізгі салалары болып табылатын адамгершілік, эстетикалық еңбек, имандылық тәрбиелерімен сабақтаса жүргізу басшылыққа алынады. Балаларға мазмұнда көрсетілгендей өлі және тірі табиғатпен одан әрі таныстырып, табиғат құбылыстары жайында бастапқы жалпылама ұйымдарды нақты түрде меңгеру ұсынылады. Жыл мезгілдерінің ерекшелігіне орай күзгі табиғат құбылысы (жаңбырдың жаууы, адамдардың пайдалы іс әрекеті, ауладағы жапырақтарды жинау, жылы жаққа ұшатын құстарды бақылау, т.б.). Қыстап қалған құстарға қамқорлық, табиғат бұрышындағы құстар мен өсімдіктерді күту, балыққа жем беру. Ерте көктемде ұшып келетін құстарға үлкендер көмегімен дайындалған ұяларға жем шашу, ауладағы гүл, көкөніс өсімдіктерін өсіруге жәрдем беру. Бүршік жарған ағаш бұтақтарын (бұтақ, бүршік, өсімдік) т.б. мағынасына сай түсіндіру. Наурыз мерекесінің қарсаңында жас шыбықтар отырғызып, оны күтуді күнделікті әдет дағдыға айналдыру. Көктемнің әдемі келбетін жырлайтын өлең жолдарын әнге қосу, сөз жұмбақтар шешу, дидактикалық, қимылды ойын түрлерін пайдалану, өз ойларын табиғат көрінісінің суретін салып, әңгімелеп айтып беру. Жаз кезінде тәрбиешілердің ұйымдастыруымен өзен-көл жағасына, баққа, гүл алаңына барған кезде айналаның

тазалығына мән беру. Бұл әр баланың жауапкершілік дағдысын, ұжымдық бірлігін арттыруда, балалардың ойлау тұтастығын, яғни табиғатты қорғау көзқарасын дамыту үшін, жыл мезгіліне сай мақсат-міндеті айқындалған экологиялық тәрбие жұмысы оқу жылының өн бойында жүргізіліп отырады. К.Д.Ушинский “Баланы табиғатпен жастай таныстыра дамыту, оның өзіндік логикалық ойлауын, сөздік қорын, санасының жетілуіне әсері мол екенін атап көрсеткен. Логикалық ойдың, пікірдің дамуы баланың келешекте рухының жоғары болуына, батыл пікір, нақты шешім айтуына және оны дәлелдеп беруге жетелейді», – деген. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балаларға табиғат жайлы білім берген маңызды. Балаларды әр жыл мезгілімен таныстыра келе, оның әр бір өзгерістері жайлы, сонымен қатар әсемдігі мен әдемілігі жайлы, сұлулығы мен бір-біріне ұқсамайтын ерекшеліктері жайлы, жануарлардың түрлері мен өсімдіктердің сан алуандығы, тіпті тастар мен құмдар, ауа, су, бұлт, барша ғаламға жылу мен жарық сәулесін шашқан күн мен қараңғы аспанда өз сұлулығымен әрленген жұлдыздар мен ай жайлы, жалпы өлі табиғат пен тірі табиғат жайлы түсініктер, тіпті олардың адам өміріне пайдасы мен зияны жайлы серуен кезінде ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде тәрбиешілер білім беруде. Қорытындылай келе мектеп жасына дейінгі балаларға өз табиғатымызды сақтап, оның әсемдігімен таныстыра отыра, өзіміздің өмір сүруімізге зор әсер ететіндігін, табиғат пен адамдар тығыз байланыста екендігін, бір-бірінсіз тіршілік болмайтынын түсіндіре отыра қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттыруға, қамқор болып, қорғауға тәрбиелеуіміз керек. Сонда ғана табиғатымыздың ауасы таза, берер құдіреті көп болмақ деген ойдамын. Осы әсем табиғатымызды келешек ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдырып отыру керектігі жөнінде болашақ тәлімгерлерге білім беріп отырмын. Адам баласы Табиғаттың ең ұлы перзенті болумен бірге, ең ұлы қамқоршысы да екенін ешқашан естен шығармауымыз керек. Табиғат озбырлықты көтермейді. Оны мәпелеп, баптап, мейіріммен аялау арқылы ғана қажетті үлесінді үзбей ала аласың. Табиғат қазынасын қастерлеген адам ғана ұлы мұратқа жетеді. Өз адамгершілігінің салмағын өлшегің келсе, табиғаттың сыр сипатын түсіне білуге әрекет жасап көр. Адам табиғаттың ең сенімді, айнымас досы, қамқоры, қорғаушысы. Туған жеріміздің баға жетпес қазынасын ысырап етпей, еселеп арттыра беру жолында талмай, жалықпай еңбек ету барлық үлкен-кішінің абыройлы борышы, мүлтіксіз атқаратын міндеті. Табиғат – адам үшін жайлы мекен, барлық игіліктің бастауы. Адамзаттың басты міндеті табиғи қуат көздерін орнымен пайдалану, табиғат әсемдігін сақтау, қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүру, мейірімділік нұрын шашу екенін ұмытпайық”. Адам табиғатқа тәуелді болса, табиғат та оған тәуелді”, демекші барша байлықтың анасы – Жер. Жерді күтіп баптай білу, оның қойнауынан қазба байлықтарын игере ала білу, табиғат пен қоршаған ортаны түлетіп гүлдендіре беру өз қолымызда.

Тыңдалды: Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде мектепке дейінгі балалардың ақыл – ой, дене адамгершілік, эстетикалық тәрбиесі жөніндегі психологиялық зерттеу нәтижелері осы кезеңдегі балалардың қабылдау мүмкіндіктері мол екенін дәлелдейді. Мұның өзі оларға білім негіздерін неғұрлым кеңірек меңгертіп, өмір туралы түсініктерін жетілдіріп еңбекке деген сүйіспеншілік көзқарастарын қалыптастыруға болатынын көрсетті. Әсіресе, мектеп жасына дейінгі балаларды отбасында тәрбиелеудің маңызы өте зор. Ата – аналардың басшылығымен баланың өмірлік тәжірибесі нығайып, адамгершілік, мінез- құлық әдеті жөніндегі қарапайым дағдылары жетіле бастайды, тәрбиеленуші ортаға, айналадағы адамдарға қарым-қатынасы қалыптасады.

4 – 5 жастағы балалардың бойында математика туралы қарапайым түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сандар, цифрлар, геометриялық фигуралар, логикалық тапсырмаларға байланысты қызықты ойындар мен жаттығулар жүйесін енгізуге болады. Дамыту ойындары мен жаттығулар қазіргі әдіс-тәсілдерге сай алыну қажет. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттер жаңа әдіс-тәсілдермен өткізіледі, бұл баланың тыңдаушы болып қана қоймай, оқу іс-әрекетіне тікелей қатысып отыруына мүмкіндік береді. Математикалық алғашқы ұғымдарды қалыптастырудың мазмұны, мектеп жасына дейінгі балалардың сан туралы түсінуіне мүмкіндік туғызып, математикалық ойлауын одан әрі жетілдіру.

4 – 5 жастағы баланың математикалық білімге қабілеті ерекше болады. Оның санауды үйренгісі, сандарды білгісі келеді, мысалдар мен есептерді шығаруға талпынады. Бұл кезеңде баланың икемділігіне орай танымдық есептерді ұғына білу қабілетін одан әрі жетілдіре түсудің маңызы зор. Баламен оқу іс-әрекетін өткізу алдында алдын-ала дидактикалық (көрнекілік) материалды даярлауды қажет етеді. Ол үшін әр түрлі ұсақ заттарды, ойыншықтарды, серуен кезінде жиналған табиғи материалды пайдалануға болады. Сонымен қатар суреттерді, жануарлар, құстар, жемістер, көкөністер, геометриялық пішіндер мен оларға ұқсас заттарды пайдалану керек. Баланы санай білуге үйрету, есептей білу қабілетін жетілдіріп отыру аса жауапты міндет. Дамытушы ойындар балалардың логикалық ойлау дағдыларын арттырады, кеңінен және жүйелі пайдаланудың маңызы ерекше. Мектеп жасына дейінгі балалар кішігірім математикалық терминдер, геометриялық пішіндердің атауларын (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және олардың элементтері (қыры, бұрышы) болатынын үйретеді. Сонымен қатар балалардың математикалық білімге деген қызығушылығы артады, берілген тапсырманы орындауға өз күш жігерін жұмсайды. Математика негіздерінде баланың ойымен қабілетін арттыру және дамытудың тиімді әдістерін қалыптастыру әрбір тәрбиешінің міндеті. Өртүрлі әдіс-тәсілдердің бәрін жүзеге асыру

Тыңдалды : Бесінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Л.Жантуреева сөз алды . Ол кісі өз сөзінде балабақша тәрбиешілерінің өткізген ҰАО қызметіне тоқталсақ. Ашық оқу қызметіне тәрбиешілер жақсы дайындалған . Оқу қызметінде әдіс-тәсілдерді тәрбиешілер орынды пайдалана білген . Көрнекіліктер тақырыпқа сай жасалған. Берілген тапсырмаларды балалар орындай алды , ойын барысында белседілік танытты. Тәрбиешілер алға қойған мақсаттарына жете білді . Сөзді тәрбиеші У.Досыбқова жалғады, тәрбиешілердің білім салалары бойынша берілген тақырыбында ашық ұйымдастырылған әрекетін өте жақсы өткендігін бүлдіршіндермен жылулық шеңберін кереемет жасағандығын , ойындар, сергіту сәттері тақырыпқа сай өтті. Тәрбиеші баллармен «Көңіл күй» терапиясын жасап көңіл- күйлері көтерілді . Жұмбақ жасыру арқылы ашық оқу қызметінің тақырыбын ашты. Видеороликпен «Бауырсақ» ертегісінің кейіпкерлерін тапсырма қою арқылы баллармен жұмыс жасап , ойын ойнатылды . Көктем мезгілінің суретін дәстүрден тыс әдіс-тәсілді пайдаланып сурет салды. Ашық оқу қызметі өте жақсы өтілді. Балалар қызығушылықпен қатысты . Ашық оқу қызметтері қанағаттанарлық деп табылсын.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Шығармашылық өнерді үйрету бойынша тәрбиешілер дұрыс жұмыс жүргізсін.
2. Тәрбиешілердің балаларға экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру жұмысының нәтижелері қанағаттанарлық деп табылсын.
3. Математика негіздері оқу қызметінің бөлімдерінің дұрыс орындалуы қанағаттанарлық деп табылсын.
4. Ұйымдастырылған ашық оқу қызметтерінің альбомдары мен көрнекіліктері жинақталсын.

Кеңес төрайымы



О.Усербаяева

Хатшы



Нарова.Н

**Педагогикалық кеңестің
№5 хаттамасы**

2022 мамыр

Қатысқандар – 6

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Балалардың бір жылдық бағдарлама материалдарын меңгеруі.
3. Тәрбиешілердің 2021-2022 оқу жылындағы шығармашылық тақырыптарына есеп беруі.
4. Балабақша қызметкерлерінің жұмысын қорытындылау.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде өткен кеңестік шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс - әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді. Баланың шығармашылығын дамытатын тәрбиеші өзі шығармашылықпен жұмыс жасауы керек. Баланың шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында өткізілетін ұйымдастырылған оқу қызметі барысында жаңа технология элементтерін пайдалану тиімді. Осы тұрғыда балабақша тәрбиешілері жұмыстарын орынды жүргізіп келеді. Экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру бойынша тәрбиешілердің жұмысы көз қуантарлық десе де болады. Адам табиғаттың ең сенімді, айнымас досы, қамқоры, қорғаушысы. Туған жеріміздің баға жетпес қазынасын ысырап етпей, еселеп арттыра беру жолында талмай, жалықпай еңбек ету барлық үлкен-кішінің абыройлы борышы, мүлтіксіз атқаратын міндеті.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі О.Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін дамыту Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатындағы басым бағыты болып табылады. Еліміздің зияткерлік әлеуетінің болашағы – балаларға мектепке дейінгі сапалы білім беру және олардың қабілеттерін дамыту қоғам үшін де өте маңызды. Қазақстанның қазіргі кезеңдегі білім беру саясаты, әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуіне байланысты, ең алдымен мектепке дейінгі білім беру жүйесіне бала қабілетін ашатын алғашқы саты ретінде жоғары талаптар қояды және жаңа, тиімді психологиялық-педагогикалық тәсілдерді жедел іздестіруді көздейді. Үлгілік оқу бағдарламасы мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі отандық және шетелдік ғылым мен тәжірибелердің жетістіктерін ескере отырып әзірленген. Бағдарлама мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың тәрбиелік, дамытушылық, білімділік міндеттерінің бірлігін

Бағдарламаның ерекшелігі қолайлы әлеуметтендіруге және балалардың қажетті дағдыларды игеруіне ықпал ететін, мектеп жасына дейінгі балалардың кешенді дамуын қамтамасыз ету болып табылады. Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларын, рухани- адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеу. Осы тұрғыда балабақша тәрбиешілері балалардың жас ерекшеліктеріне қарай әр топта жұмыс жүргізіп келеді. Жоспарға сәйкес топ тәрбиешілерінің оқу процесіндегі жүргізіп отырған жұмыстарын балалар толық түсініп нәтиже шығара алды. Әр топта балалар оқу қызмет барысында өздерін жақсы жағынан көрсетіп бағдарлама материалдарын жетік меңгерді.

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша меңгерушісі О.Усербаева сөз алды. Ол кісі өз сөзінде бүгінгі күн мемлекетіміздің өркениетке жету жолындағы өр талабына тұғыр боларлықтай ұрпақ оқыту, тәрбиелеу ісін жаңа сапалық өзгерістер деңгейіне көтеруді талап етіп отыр. Мектепке дейінгі ұйымдардың құрылымында болып жатқан өзгерістар, білім беру мақсаттарының алмасуы, оның дамытушылық сипаттарының бекітілуі сияқты мәселелер тәрбиешілерден шығармашылық бастамалық, жұмыстың жоғары сапасын және кәсіби шеберлікті талап етеді. Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Осы орайда балабақша тәрбиешілері әріптестерімен іс-тәжірибелерін бөлісу мақсатында балабақша әкімшілігіне шығармашылық есеп берді. Осы жайттарды айта отырып тәрбиешілердің тынымсыз еңбек пен шығармашылық ізденіс нәтижесі көңілге қонымды болды. Тәрбиешілердің шығармашылыққа қызығушылығы басты нысана болып алынуымен байланысты, шығармашылыққа жетелейтін, өздігінен ізденіске салатын, «жаңалық ашып», оның нәтижесінің «қызығына» бөлейтін әдіс-тәсілдер мен қызықты тапсырмалар тұрақты жүргізіліп отырылуы тәрбиеленушілердің білім, білік дағдыларының нәтижелі ететінінақтылай түседі.

Тыңдалды: Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алды. Ол кісі өз сөзінде қазіргі мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыру, әрбір баланың жеке тұлғасын шығармашылықпен өзін-өзі жүзеге асыруға жағдай жасау. Мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру тікелей қызметкерлерге байланысты. Бүгінгі таңда мектепке дейінгі мекемелердің жұмысына қойылатын талаптар барған сайын жоғарылауда. Бұл талаптар мектеп жасына дейінгі тәрбиешілер алдында тұрған міндеттер жүйесіне енеді, өйткені баланың жетістіктерінің деңгейі мен сипаты, ең алдымен, педагогтың кәсіби құзыреттілігіне, оның өз бетімен жұмыс істей білуіне, үнемі кәсіби жетілуіне байланысты. Бүгінгі таңда қоғамға сауатты, жан-жақты дайындалған, қайырымдылықтың, инабаттылықтың үлгісі болған, педагогикалық шеберлікті меңгерген ұзсаз қажет. Бүгінгі күні балабақша педагогтары алдында ең негізгі мақсат тұр, балабақша басшысы балаларды оқыту және тәрбиелеу процесін ұйымдастыруды анықтайды және жүзеге асырады. Бірінші мақсат – бұл барлық балалардың физикалық сапа және еңбек ете білуін дамыту, білім, дағды және

танымның нақты жүйесін анықтау, өздерінің танымдық қажеттіліктері мен интеллектуалдық қызығушылықтарын қанағаттандыру, өз ақыл-ес мүмкіндігі мен тәуелділігін толық түрде ашуға мүмкіндік алу. Бұл мақсатты бала мына жағдайда жүзеге асыра алады. Балабақша әкімшілігі, педагогикалық ұжым бұл үшін жағдай жасауға мүмкіндігі бар және жағдайы бар. Екінші мақсат – әр баланы мәдениеттілікке, адамгершілік, шығармашылық, белсенділік және әлеуметтілікке тәрбиелеу. Бұл мақсат балабақшаның оқу – тәрбие үдерісінде жүзеге асады. Жылдық жоспар мектепке дейінгі білім беру мекемесінің міндетті құжаты болып табылады. Ол оқу жылы шеңберінде барлық педагогикалық ұжымның жұмысын жетілдіруге мүмкіндік беретін нақты міндеттерді шешуге бағытталған. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жылдық жоспарына сәйкес педагогикалық, медициналық және қызмет көрсету қызметкерлерінің нақты іс-шаралары мен жұмыс мазмұны анықталды. Жоспар ата-аналармен балабақшамен бірлесе жұмыс істеуді және ата-аналарды педагогикалық білімдендіру бойынша іс-шараларды қарастырады. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жылдық жоспар мектепке дейінгі білім беру мекемесі және педагог кадрлардың кәсіби деңгейі есебінде құралады. Меңгеруші жылыдық жоспарды құрастыра отырып, бұл жоспарды мекеменің барлық педагогикалық ұжымы орындайтынын басшылыққа алды. Міңе осы тұрғыда балабақша қызметкерлеріне жалпы ережелер таныстырылған баолатын. Еңбек тәртібін сақтау, жұмысқа уақтылы келу, белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығын сақтау, әкімшіліктің бұйрықтарын уақтылы орындау. Еңбекті қорғау ережесі мен қауіпсіздік техникасының талаптарын, өндірістік санитарлық өртке қарсы ережені және алдын – ала ескертілген ережелер мен нұсқаулықтарды сақтау. Балабақша қызметкерлері өз жұмыстарын дұрыс орындай білді. Қызметкерлер ішкі еңбек тәртібінің ережелерін сақтай отырып жұмыс жасады. Өз тарапымнан алғысымды білдіремін.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Балалардың бір жылыдық бағдарлама материалдарын меңгеруі қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Педагогтардың шығармашылық тақырыптармен жұмыс жүргізуі жалғастырылсын
3. Балабақша қызметкерлерінің жұмысын қорытындылау қанағаттанарлық деп табылсын.

Кеңес төрайымы



О.Усербасева

Хатшы



Нарова.Н